

Жұмабекова Г.А.  
**Публицистика жанрының  
әлеуметтік мәні**

Мақалада публицистика жанрының әлеуметтік жанры қарастырылады. Публицистиканың шекаралары мәселесін кейінгі уақытта жанрлар дамуы мен олардың қиылысу тәсілдерінің көп түрлілігі қиындатып отырғандығы, жанр шекараларына барлық қазіргі заманғы ақпараттық қоғам мен зерттеушілердің айтуынша, авторлық бастамалар, номинативтілік редукция үлкен әсерін тигізетіндігі айтылған. Автор публицистиканың тілдік шығармашылық қызметіне де тоқталады. Публицистің шығармашылық қызметінің нәтижесі кейіннен вербалды мәтіндерге айналатын публицистикалық шығарма болып табылатындығы айтылған.

**Түйін сөздер:** публицистика, жанр, әлеумет, публицистика шекаралары, публицист.

---

Zhumabekova G.A.  
**Sociological value  
of a publicistic genre**

In this article sociological value of a publicistic genre is considered. The question of borders of journalism becomes complicated besides the mobility of genres which is observed especially actively recently, variety of their crossings that is caused by the mental transformations which are happening in all modern, information societies and influenced, according to researchers, on the one hand, strengthening of the author's beginning, and with another – on a nominativnost reduction. The author also considers yazykotvorchesky function of journalism as the publicistic work most often taking the form of the verbal text is result of creative activity of the publicist.

**Key words:** publicism, genre, society, journalism borders, publicist.

---

Жұмабекова Г.А.  
**Социологическое значение  
публицистического жанра**

В данной статье рассматривается социологическое значение публицистического жанра. Вопрос о границах публицистики осложняется наблюдающейся особенно в последнее время подвижностью жанров, многообразием их пересечений, что обусловлено ментальными преобразованиями, происходящими во всех современных информационных обществах и повлиявшими, как утверждают исследователи, с одной стороны, на усиление авторского начала, а с другой – на редукцию номинативности. Автор также рассматривает языкотворческую функцию публицистики, так как результатом творческой деятельности публициста является публицистическое произведение, чаще всего, принимающее форму вербального текста.

**Ключевые слова:** публицистика, жанр, социум, границы публицистики, публицист.

**ПУБЛИЦИСТИКА  
ЖАНРЫНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ**

Публицистика – адамның әлеуметтік қызметінің көпқырлы формаларын көрсететін қазіргі заманғы гуманитарлық білімнің іргелі түсініктерінің бірі. Публицистика анықтамасының, оның объектісінің және пәнінің күрделілігі оның әр түрлі ерекше үлгілерде ұсынылуымен анықталады. Жанрдың мәні мен өзгешелігі өзіне тән функциялары мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығында көрініс табады.

Осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын зерттеушілер публицистиканы әлі өзін «ортақ және ерекше шығармашылық әлемі» [1] екендігін сезінбеген, «күрделі, жан-жақты, осы уақытқа дейін толық анықталмаған мәдениет көрінісі» [2] деп сипаттаған болатын. Негізінен публицистикаға жатқызылатын түрлі мәтіндердің мол ауқымы (жұртшылық алдында айтылатын сөз, мақала, қысқа әңгіме, фельетон, эпитафия, афоризм, тіпті гүлсауытқа жазылатын жазу) және олардың теориялық түсініктеріне арналған әсер қалдыратын аса үлкен санға ие ғылыми еңбектер, соңына дейін анықталмаған ерекшеліктері, зерттеушілерге публицистика әлі күнге terra incognita түрінде қалғандығын дәлелдейді. Біздің публицистикаға жатқызатын мәтіндеріміз оның мәні жайында қарама-қайшылықсыз анық түсінік бере алмайды. Осыған орай, ортақ публицистиканың экстенционалын құруда біршама қиындықтарға ұшырайтынымыз анық, яғни публицистика сөзімен байланысты барлық оның көріністерін жинақталған интенционал анықтамасына құрастыруға тура келеді [3].

Публицистиканың шекаралары мәселесін кейінгі уақытта жанрлар дамуы мен олардың қиылысу тәсілдерінің көп түрлілігі қиындатып отыр. Жанр шекараларына барлық қазіргі заманғы ақпараттық қоғам мен зерттеушілердің айтуынша, авторлық бастамалар, номинативтілік редукция үлкен әсерін тигізеді.

Публицистика термині латын сөзі «publicum»-нан шығатын «қоғам» немесе «мемлекет» деген мағына беретін «бұқара» және «бұқаралық» сөздерімен байланысты.

Публицист – статист, бейтарап бақылаушы да емес, ол ой күші мен сезімдерді ұштастырып, әлем мен уақытты ұғына білетін, ағартушы-насихаттық мақсат қуатын, замандастарына ол туралы мәлімет беретін зерттеуші. Публицистік қызметтің әлемді танудың әлеуметтік белсенді нысаны ретіндегі негізгі

мақсаты – қоғамдық пікірді қалыптастыру, адамның қоғамдағы өмірін үйлестіру, мәдениет нормалары мен қоғам дәстүрлеріне сәйкес өзін ұстау түрлері және оны бағалау жүйесін құру. Сол себепті публицистикалық қызметте орын алған оқиғаларға әлеуметтік-нормативтік (әлеуметтік-кодификацияланған) көзқарастар қалыптасады, көбіне олар әлеуметтік бағалау категорияларымен сипатталады.

Публицистика – өзіндік мән мен нысанға ие әлеуметтік қызмет. Объект ретінде зерттеуші назарындағы күрделі жағдайларға себеп болатын үдеріс немесе оқиға алынады. Егер публицистика нысанын осы көзқараста қарастыратын болсақ, күрделі жағдайды адамның өзі – «мәңгі Фауст» (неміс философы Макс Шелер анықтамасы бойынша) құрастырады, ол тек әлеуметтік қарым-қатынастар және әлеуметтік шығармашылық (антикалық философтарының тұжырымдамасында сәйкес, адам – барлық нәрселер өлшемі) субъектісі болып қана қоймайды. Адам қоршаған ортасын әлеуметтік және әлеуметтен тыс субъект ретінде меңгереді, өзінің символдарымен белгілей отырып, ерекше антропоцентрлік кеңістік құрады. С.Я.Левит тұжырымдамасы бойынша, «адамның қолынан келетіннің барлығы – өзіндік универсумын «символикалық әлемін» құрастыру арқылы адами тәжірибені түсіну және баяндау, реттеу, жинақтау және жалпылау, оған қоса, мәдениет әлеміне қосылу арқылы даралыққа ие болу». Гуманитарлық ғылымдардың объектісі – «тіл ішінде, тілмен оралған өзін осы тілде сөйлеу арқылы танытатын ағза» деген француз философы П.Рикердің терең ойлары нестен шығарып алмауымыз қажет [4].

Демек, публицистика объектісі ретінде әлеуметтік адамды – әлеуметтік қызмет және қарым-қатынас субъектісін оның жан-жақты табиғатпен, қоғаммен, өзіне және өзекті уақытқа деген қарым-қатынасын қарастырады. Публицистика объектісі тарихқа сәйкес өзгерістерге ұшырайды, ол өзіндік әлеуметтік түсінік өзгерісімен дамиды: мысалы, егер адам алғашында әлеуметтік иерархия категориясында шамаланса, уақыт өте келе адам тұлға ретінде қарастырыла бастады.

Өткен жүзжылдықтың 70-ші жылдарында М.С.Черепанов «Публицистика теориясы өз мәнінің анықтамасын құра алмады» деген пікірін жазған болатын, осылай бола тұра публицистика мәнінің негізгі ерекшелігі «үгіт-насихат мақсатында жүзеге асатын және қорытындысында әлеуметтік бұқара әрекетіне ықпал ететін, ақиқатқа жетудің саяси жолы» екендігіне аса мән берді [5, 20]. Осы ретте, публицистика мәнін сәл

басқаша анықтауға болады. Егер мәні ретінде объектінің сыртқы аспектісін түсінсек, онда мәдениет пішіндерінің бірі ретінде «адамның қызметтер салаларының әлемі» [6] ретіндегі публицистиканың мәні адам өзіндік мағына қосқан нәрсе, яғни әлеуметтік үнге ие болған факт, басқаша айтқанда әлеуметтік факт болуы тиіс.

Факт сөзі, жұртқа мәлім, латын сөзінен factum («орындалған» немесе «аяқталған»), үш мағынаға ие: «1) шын, ойдан құрастырылмаған құбылыс немесе оқиға; 2) қатаң бекітілген білім, яғни эмпирикалық білім түрі; 3) шындығында бар ақиқат» [7].

Олай болса, публицистика мәні – «бізді қоршаған объективті шынайылықтың бір жақты көрінісі» фактісі [8]. Әлеуметтік фактілердің жиынтығы өзінің бастамасы болып табылатын публицистиканың эмпирикалық негізін құрады. «Тұрақты фактілер негізінсіз публицистика қалыптастыру мүмкін емес» деп Е.П.Прохоров шынайы ойларын жазған екен [1].

Публицистпен түсіндірілетін қоғамдық маңызы бар оқиға саналатын әлеуметтік факт – әдеттегі белгілі бір құндылықтар жүйесіне жататын құбылыс, жүйелі әлеуметтік маңызы бар құрылымдар немесе идеялар, бағалы идеология парадигмалары кіреді.

Белгілі бір әлеуметтік топтардың негізгі идеялар жүйесі ретінде идеологиябейтарап бола алмайды, сондықтан риясыз публицист – бұл иллюзия. Публицист әрдайым өз ойын білдіреді, алайда оның тұжырымдамасының деңгейі мен әдісі әр түрлі болуы мүмкін.

Логика мен сезімдерге сүйене отырып қалыптасатын факт негізіндегі әлеуметтік маңызды ой құрылған орында публицистика пайда болады. Публицистика – адамның әлеуметтік тәжірибесіне сүйене отырып, шынайылықты тану түрлерінің бірі, сол себепті оның басты міндеті когнитивтік қызмет болып табылады. Фактінің публицистикалық түсінігі – бұл оның әлеуметтік ашылулары, құндылықтар жүйесіндегі түсіндірмесі. Жанрдың басты қызметтеріне коммуникативті-ақпараттық қызметтер де кіреді. Публицистика сөзімен назар аудартып, адамдардың әлеуметтік елеулі қиындықтарын шешетін қоғамдағы адамдар бастамасын біріктіруші ретінде көрініс табады. Публицистика адамдардың өзара түсіністікке жетуіне қажетті әлеуметтік жағдайларын жасайды. Ол мақсаты түрде логикалық және эмоциялық сараланған халық жазбаларын түсінікті, образды, мәнерлі түрде сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Публицистиканың функционалды ерекшеліктері алдына

қойылған мақсаттарымен сәйкес келеді: қоғамдағы адам өмірін қазіргі заманғы көпполюсті жұртшылықта әлеуметтік сана және өмір стилін құру арқылы үйлестіру. Осылайша публицистиканың басты қызметтеріне әлеуметтік-жаңғырту қызметі де жатады.

Публицистиканың әлеуметтік-жаңғырту қызметі оның әлеуметтік-дидактикалық және әлеуметтік-ағартушылық қызметтерімен тығыз байланысты. Платонның «адам – бұл тірі жетіспеушілік, адам білімді қажетсінеді, білімсіздіктен қажиды» деп тұжырымдаған. Әлеумет өзара түсіністікке жетуде басшылыққа алатын қоғамға қандай да бір идеяны, көзқарастарды, білімді ұғындыру, тарату, әлеуметтік фактілерді саралау осының барлығы публицистиканың міндеттері болып табылады. Алайда публицистика ақпаратты айтумен қатар, нақты көзқарастарды алға тартып, оған үгіт-насихат (публицистиканың әлеуметтік-бағалау қызметі) жүргізу қызметін де атқарады. Демосфен айтқандай, «егер мен сізді көндіре алатын болсам, мен сізге ұсынған әрекеттерді ғана орындайтын боласыз». Осымен публицистиканың мағынасы айқындалады: оқырманды белгілі бір көзқарастың, бағаның, қандай да бір мәселені шешу жолының растығына сендіру. Сендіру күші болмаса, публицистика маңызды қасиеттерінің бірінен айырылады.

Публицистиканың сендіру деңгейі автордың өзінің сену дәрежесіне тікелей байланысты. А.Ангарский «публицистиканың түп-тамыры – автордың сену дәрежесі... Егер авторды өзінің жазбаларының тақырыбы толғандыратынын сезетін болсам, оған толық сене аламын» [9] деген тұжырымдамаға келген екен.

Сондай-ақ, публицистиканың негізгі қызметтеріне тілдік шығармашылық қызметті де қосуға болады. Жанр тек қоғамдағы жаңа сөздік үлгілерді қолданып қана қоймайды, өзі белсенді түрде оларды құрастырады. Бұл үдерісті біржақты жағымды немесе жағымсыз деп бағалай алмаймыз, себебі екі көзқарастың дұрыс дәлелдері кездеседі. Бір жағынан тілдік шығармашылық образдар құруға көмектесіп, ұлттық тілді байытады, екінші жағынан жаңа сөздер, мағыналар және жаңа грамматика тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін бұзады. Публицистиканың барлық қызметтері өзара байланысты, жиынтығы оның қызметтер матрицасын құрады. Публицистің шығармашылық қызметінің нәтижесі кейіннен вербалды мәтіндерге айналатын публицистикалық шығарма болып табылады.

Осылайша, публицистика – қоғамдағы адам өмірін үйлестіру үшін, әлеуметтік елеулі мәселелерді шешуге бағытталған әдеби, шығармашылық қызметтің ерекше түрі.

#### Әдебиеттер

- 1 Прохоров Е.П. Искусство публицистики: Размышления и разборы. – М., 1984. – Б.216.
- 2 Ученова В.В. От вековых корней. – М., 1985. – Б.252.
- 3 Кронгауз М.А. Семантика. – М., 2005. – Б.184.
- 4 Рикер П. Конфликт интерпретаций. Очерки о герменевтике. – М., 1995. – Б.360.
- 5 Черепанов М.С. Проблемы теории публицистики. – М., 1973. – Б.204.
- 6 Кармин А.С. Культурология. – М., 2004. – Б.346.
- 7 Словарь иностранных слов. – М., 1998. – Б.460.
- 8 Мисонжников Б.Я., Юрков А.А. Основы творческой деятельности журналиста. – М., 2002. – Б.385.
- 9 Аграновский А. Своего дела мастер. – М., 1980. – Б.360.

#### Referenses

- 1 Prohorov E.P. Iskusstvo publicistiki: Razmyshlenie i razbory. – М., 1984. – b.216.
- 2 Uchenova V.V. Ot vekovyh kornei. – М., 1985. – b.252.
- 3 Krongauz M.A. Semantika. – М., 2005. – b.184.
- 4 Ricer P. Konflikt interpretaci. Ocherki o germenevtike. – М., 1995. – b.360.
- 5 Cherepanov M.S. Problemy teorii publicistiki. – М., 1973. – b.204.
- 6 Karmin A.S. Kulturologiya. – М., 2004. – b.346.
- 7 Slovar inostrannyh slov. – М., 1998. – b.460.
- 8 Misonjnikov B.Y., Yrkov A.A. Osnovy tvorcheskoj deytelnosti jurnalista. – М., 2002. – b.385.
- 9 Agronovski A. Svoego dela master. – М., 1980. – b.360.